

Педагогикалық кеңес отырысының

№ 2 ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғасын дамыту мен тәрбиелеудегі танымдық-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру технологиясы»

Өткізілген күні: «08» 11. 2023 ж.

Өткізілген орны: «Балбөбек»бөбекжайы» КМҚК

Қатысқандар саны: 28

Күн тәртібі

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғасын дамытудағы танымдық-зерттеу іс-әрекетінің маңызы.
2. Танымдық-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастырудың заманауи технологиялары.
3. Педагогтердің тәжірибе алмасуы және әдістемелік ұсыныстар.
4. Қаулы қабылдау.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша:

Әдіскер М.К.Каргатаева баяндама жасап, мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғасын қалыптастыруда танымдық-зерттеу іс-әрекетінің ерекше орын алатынын атап өтті. Танымдық-зерттеу әрекеті арқылы балалар қоршаған ортаны танып-біледі, сұрақ қоюға, бақылауға, салыстыруға, қорытынды жасауға және өз ойын еркін жеткізуге үйренеді.

Баяндамада зерттеу әрекеттері балалардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілетін, дербестігін және сыни ойлау дағдыларын дамытуға ықпал ететіні айтылды.

Екінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші А.М.Сартбаева танымдық-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру технологияларымен таныстырды. Атап айтқанда:

- * бақылау және тәжірибе жүргізу технологиясы;
- * жобалық оқыту элементтері;
- * проблемалық жағдаяттарды шешу әдістері;
- * STEM элементтерін пайдалану;
- * зерттеу ойындары мен тәжірибелер ұйымдастыру;
- * ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес зерттеу ортасын құру, қауіпсіздік талаптарын сақтау және әр баланың қызығушылығын ескеру қажеттігі айтылды.

Үшінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші А.Ж. Каппарова өз тәжірибелерінде қолданылып жүрген зерттеу жұмыстары, тәжірибелер мен жобалар туралы мәлімет беріп, тиімді әдіс-тәсілдерімен бөлісті. Танымдық-зерттеу бұрыштарын ұйымдастыру және ата-аналарды зерттеу жобаларына тарту тәжірибелері талқыланды.

Қаулы етеді

1. Танымдық-зерттеу іс-әрекетін мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінде жүйелі түрде ұйымдастыру.
2. Балалардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған әдістер мен технологияларды кеңінен қолдану.
3. Әр топта балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес зерттеу және тәжірибе жасауға арналған дамытушы ортаны жетілдіру.
4. Педагогтердің зерттеу технологияларын қолдану бойынша кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында тәжірибе алмасу жұмыстарын жүргізу.
5. Балалардың танымдық белсенділігін арттыру үшін ата-аналарды бірлескен жобалар мен зерттеу жұмыстарына тарту.
6. Танымдық-зерттеу іс-әрекетінің нәтижелерін оқу жылы барысында тұрақты мониторингтен өткізу.

«Балбөбек»бөбекжайы»КМҚК
меңгерушісі:
Хатшы:



М.К.Каргатаева
Г.Ж.Ермекбаева